

Атом энергиясын пайдалану саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 19 наурыздағы N 270 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 10 шілдедегі № 716 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.07.2013 № 716 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

2) атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

3) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

4) ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары;

4-1) радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

4-2) иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары;

5) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

6) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

7) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

8) атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

9) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

10) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

11) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

12) радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

13) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

14) ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

15) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

16) бұрынғы ядролық сынақ полигондары аумақтарында жүргізілген ядролық жарылыстардың салдарынан ластанған және басқа да аумақтардағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

17) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

18) ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ;

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Атом энергиясын пайдалану объектілерінің өмірлік циклінің кезеңдеріне байланысты жұмыстарды орындау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – лауазымды тұлғалар мен радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың иерархиясы белгіленген графикалық схема немесе мәтіндік сипаттама түріндегі өтініш берушінің ұйымдық құрылымының;

2) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған лицензияның;

3) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі және мәлімделген жұмыс бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар әрі ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;

4) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес еңбекке қабілеттілікті қолдауға және қауіпсіздік жүйелеріндегі ақаулықтардың алдын алуға бағытталған жабдықтарды, механизмдерді, технологиялық желілерді пайдалануды, техникалық қызмет көрсетуді, бақылауды және сынауды қамтамасыз ететін қызметтердің (қызметтер туралы бұйрықтар мен ережелердің, нұсқаулықтардың, бағдарламалардың, кестелердің);

5) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық және радиациялық қауіпсіздікті бақылауды және қоршаған ортаны қорғауды, персоналға медициналық бақылауды қамтамасыз ететін қызметтердің (қызметтер туралы бұйрықтар мен ережелердің, нұсқаулықтардың, бағдарламалардың, кестелердің);

6) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық және радиациялық қауіпсіздік бойынша өтініш

беруші бекіткен нұсқаулықтардың;

7) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындау үшін өндірістік-техникалық базаның (мамандандырылған өндірістік ғимараттардың, инженерлік құрылыстардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың);

8) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – иондаушы сәуле шығару көздері мен радиоактивті қалдықтарды сақтауға және көмуге арналған қойманың;

9) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес персоналды іріктеу, даярлау және оның біліктілігін қолдау жүйесінің (ережелердің, бағдарламалардың, білімді тексеру, біліктілікті арттыру кестелерінің);

10) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есептеу жүйесінің (үй-жайлардың, аспаптар мен құралдарының, өлшеу әдістерінің) немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шартының;

11) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық материалдарды және иондаушы сәуле шығару көздерін, радиоактивті қалдықтарды (өтініш беруші бекіткен нұсқаулықтар, түгендеу актілері, есептеу, беру және сақтау журналдары) есептеу және бақылау жүйесінің;

12) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

13) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтардың қоймасының алаңын таңдау актісінің;

14) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – өтініш беруші бекіткен және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген, техникалық

регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтар қоймасының физикалық қорғау жүйесі жобасының;

15) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтар қоймасының физикалық қорғау жүйесін қабылдау актісінің;

16) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – ядролық қондырғының және/немесе радиоактивті қалдықтар қоймасының жобалық-сметалық құжаттамасының;

17) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес объектінің қауіпсіздігін талдау бойынша өтініш беруші бекіткен алдын ала есебінің;

18) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген, ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттерге сәйкес объектіні пайдаланудан шығарудың алдын ала жоспарының;

19) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнама мен ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес техникалық жүйелер мен жабдықтарды сынау актілерінің, пайдалануға қабылдау актілерінің, аяқталған объектілерді пайдалануға қабылдау актілерінің;

20) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – жобада көзделген барлық жұмыс режимдерінің көлемінде, сондай-ақ жобалық және жобадан тыс авариялар кезінде объектіде, санитарлық-қорғау аймағында және бақылау аймағында радиациялық жағдайды бақылау жүйесінің (өлшеу құралдарының, кестелерінің, әдістемелерінің);

21) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен авария жағдайында персоналды және халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының;

22) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын

пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес авария жағдайында персоналдың іс-қимылын пысықтау үшін өтініш беруші бекіткен аварияға қарсы жаттығулар жүргізу әдістемелерінің, бағдарламалары мен кестелерінің;

23) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын салу, пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – «Атом энергиясын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық қондырғыны және/немесе радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдаланудан шығару жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету үшін пайдаланушы ұйымда қажетті қаржы ресурстарының;

24) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың;

25) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ш а р т т ы ң ;

26) ядролық қондырғыларды, радиоактивті қалдықтардың қоймаларын пайдалану және пайдаланудан шығару жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – міндетті экологиялық сақтандыру шартының болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ядролық материалдармен, иондаушы сәуле шығару көздерімен (медициналық мақсаттағы рентген-диагностикалық қондырғылардан басқа) және радиоактивті заттармен жұмыс істеу жөніндегі қызметті лицензиялау ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2008

жылғы

19

наурыздағы

№

270

қаулысымен

бекітілген

Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ядролық материалдармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық және ядролық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың иерархиясы белгіленген құрылымның графикалық схема немесе мәтіндік сипаттама түріндегі өтініш берушінің ұйымдық құрылымының;

2) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындау үшін өндірістік-техникалық базаның (мамандандырылған өндірістік ғимараттардың, инженерлік құрылыстардың, машиналардың, механизмдердің, жабдықтардың);

3) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі тәсілдерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен жағдайын айқындайтын мәлімделген жұмысты орындаудың технологиялық регламентінің;

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есепке алу жүйесінің (үй-жайлардың, аспаптар мен құралдардың, өлшеу әдістемесінің, жауапты адамдардың) немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;

5) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес ядролық қауіпсіздікті және өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету қызметінің (қызмет туралы бұйрық пен ереженің, нұсқаулықтардың, кестелердің);

6) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен ядролық, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың,

ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен техникалық регламенттердің және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы талаптарына сәйкес ықтимал авариялардың алдын алу және оларды жою жөніндегі нұсқаулықтар мен жоспарлардың;

7) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық материалдарды және иондаушы сәуле шығару көздерін есепке алу және бақылау (өтініш беруші бекіткен нұсқаулықтар, түгендеу актілері, есепке алу, беру және сақтау журналдары) жүйесінің;

8) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі мен мәлімделген жұмыс бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және ядролық әрі радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;

9) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

10) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен техникалық регламенттердің және ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қағидалардың талаптарына сәйкес радиациялық қауіпті жұмыстарға жіберілген персоналдың жеке қорғану құралдарының;

11) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен және атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органмен келісілген ядролық материалдарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесінің қабылдау актісінің;

12) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың;

13) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы ш а р т т ы ң ;

14) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – міндетті экологиялық сақтандыру шартының болуын қамтиды.

17) міндетті экологиялық сақтандыру шартының болуын қамтиды.

Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Радиоактивті заттармен, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – лауазымды тұлғалардың радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың және иерархиясы белгіленген графикалық схема немесе мәтіндік сипаттама түріндегі өтініш берушінің ұйымдық құрылымының;

2) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі қағидалардың және техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базаның (мамандандырылған өндірістік ғимараттар, инженерлік құрылыстар, машиналар, механизмдер, жабдықтар);

3) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін - персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есептеу жүйесінің немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік және жұмыс орнында өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету қызметінің (қызмет туралы бұйрық пен ереже, радиациялық бақылау жүргізу кестесі, өлшеу құралдары);

5) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін - өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес ықтимал авариялардың алдын алу және оларды жою жоспарларының;

6) құрамында радиоактивті заттар бар медициналық аспаптар мен қондырғыларды пайдалану жөніндегі жұмыстар үшін – иондаушы сәуле шығару көздерінің радиациялық түйіндеріне калибрлеу жүргізу туралы (калибрлеу жүргізу кестелері мен хаттамалары, өлшеу құралдары) құжаттамалардың;

7) барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды есепке алу және бақылау жүйесінің (өтініш беруші бекіткен есепке алу және сақтау бойынша нұсқаулықтар, түгендеу актілері, беру, есепке алу және сақтау журналдары);

8) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі және мәлімделген жұмыс бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;

9) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің және қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

10) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен, жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің;

11) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиоактивті заттар, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылар үшін қоймалардың;

12) құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды пайдалану жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың (техникалық қызмет көрсету кестесі, жөндеу жүргізу хаттамалары, өлшеу құралдары) немесе техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарттың;

13) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін - радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің және қағидалардың талаптарына сәйкес радиациялық қауіпті жұмыстарға жіберілген персоналдың жеке қорғану құралдарының;

14) табиғи уранды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі кіші қызмет түрін қоспағанда, барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиоактивті заттардың, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылардың санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының;

15) мәлімделген қызмет түрінің құрамында радиоактивті заттарды, құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғыларды тасымалдау операциясы болған кезде – көлікке санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысының және қауіпті жүктерді тасымалдауға берілген лицензияның;

16) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен құрамында радиоактивті заттар бар аспаптар мен қондырғылардың физикалық қорғауды қамтамасыз ету жоспарының;

17) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың;

18) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

ө т і н і ш

б е р у ш і д е :

1) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – лауазымды тұлғалар мен радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты тұлғалардың иерархиясы белгіленген құрылымның графикалық схема немесе мәтіндік сипаттама түріндегі өтініш берушінің ұйымдық құрылымының;

2) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделетін жұмыстарды орындауға қажетті өндірістік-техникалық базаның (мамандандырылған өндірістік ғимараттар,

инженерлік құрылыстар, машиналар, механизмдер, жабдықтар);

3) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделетін жұмыстарды орындаудың өтініш беруші бекіткен технологиялық регламентінің;

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есепке алу жүйесінің (үй-жайлар, аспаптар мен құралдар, өлшеу әдістері) немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылауды жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен ж а с а л ғ а н ш а р т т ы ң ;

5) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – жұмыс орнында радиациялық қауіпсіздікті және өндірістік радиациялық бақылауды қамтамасыз ету қызметінің (қызмет туралы бұйрық пен ереже, радиациялық бақылау жүргізу кестесі, өлшеу құралдары);

6) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың, ықтимал авариялардың алдын алу және жою жөніндегі нұсқаулықтар мен ж о с п а р л а р д ы ң ;

7) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларды есепке алуды, бақылауды және сақтауды қамтамасыз ету туралы (нұсқаулықтар, түгендеу актілері, беру, есепке алу және сақтау журналдары) құжаттамалардың;

8) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі және мәлімделген жұмыстар бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың б і л і к т і қ ұ р а м ы н ы ң ;

9) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

10) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес радиациялық қауіпті жұмыстарға жіберілген персоналдың жеке қорғану құралдарының;

11) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін –

иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларға арналған санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының;

12) иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын медициналық аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу үшін – иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптар мен қондырғылардың жұмыс сапасына бақылау жүргізу туралы құжаттаманың (жүргізу кестелері мен хаттамалары, өлшеу құралдары) немесе жұмыс сапасына бақылау жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарттың;

13) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу туралы құжаттаманың (техникалық қызмет көрсету кестесі, жөндеу жүргізу хаттамасы, өлшеу құралдары) немесе техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен жасалған шарттың;

14) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың;

15) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Медициналық рентгенологиялық жабдықтарды пайдалануды қоспағанда, рентгендік жабдықты әзірлеу, өндіру, өткізу және пайдалану жөніндегі қызметті лицензиялау

ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№ 270 қаулысымен
бекітілген

Медициналық рентгенологиялық жабдықтарды пайдалануды қоспағанда, рентгендік жабдықты әзірлеу, өндіру, өткізу және пайдалану жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 жылғы 19 наурыздағы
№ 270 қаулысымен
бекітілген

**Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау
ЕРЕЖЕСІ**

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 8 жылғы 19 наурыздағы
№ 270 қаулысымен
бекітілген

Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – арнайы даярлығы және аспаптар мен қондырғылардың тиісті түрлері мен маркалары

бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген (өтініш берушінің бұйрығымен және келісімшартпен немесе жұмысқа жолдау туралы шартпен) мамандардың білікті құрамының;

2) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – мәлімделген жұмыстың әрбір кезеңін орындауға өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, өлшеу әдістемесін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын технологиялық регламентінің;

3) иондаушы сәуле шығару көздері жұмысының сапасын бақылау жөніндегі кіші қызмет түрі үшін – өтініш беруші бекіткен тестілеу түрлерінің, қолданылатын аспаптарының, әдістемелердің, сынаулардың мерзімділігінің сипаттамасымен тестілік сынаулар жүргізу бағдарламасының;

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – мәлімделген жұмыстарды орындау үшін қажетті өлшеу құралдарының, бақылау аспаптарының, қосалқы материалдар мен жабдықтардың (өтініш беруші бекіткен тізімі мен түгендеу сертификатының);

5) азық-түліктердің, материалдардың, қоршаған орта объектілерінің құрамындағы радионуклидтерді айқындау жөніндегі және персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізу жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – мәлімделген жұмыстарды орындау үшін мамандандырылған үй-жайлардың, зертханалардың;

6) құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын, медициналық қызметті қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға, техникалық қызмет көрсету, оларды монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу, иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың, қондырғылардың жұмыс сапасын бақылау жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік, ықтимал авариялардың алдын алу және жою жөніндегі нұсқаулықтардың;

7) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

8) құрамында иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздері бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын, медициналық қызметті қоса алғанда, аспаптар мен қондырғыларға техникалық қызмет көрсету, монтаждау, бөлшектеу, зарядтау, қайта зарядтау, жөндеу, иондаушы сәуле шығару көздерінің, сондай-ақ құрамында осындай көздер бар немесе иондаушы сәуле шығаруды генерациялайтын аспаптардың, жабдықтардың,

бекіткен есепке алу және сақтау жөніндегі нұсқаулықтар, қабылдау, беру, сақтау актілері, қалдықтардың шығу тегі, түрі, мөлшері, радионуклидтік құрамы және белсенділігі туралы құжаттамалар);

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі әдістерін, қалдықтарды жинау, сорттау, сақтау, өңдеу, қайта өңдеу, көму тәсілдерін, үй-жайларды, жабдықтарды, материалдарды залалсыздандыруды қоса алғанда, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындаудың технологиялық регламентінің;

5) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың, радиациялық қауіпсіздік және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес ықтимал авариялардың алдын алу және жою жоспарының;

6) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – мәлімделген жұмыстарды жүргізу кезіндегі радиациялық жағдайды бақылау жүйесінің (өлшеу құралдарының, жүргізу кестелері мен әдістемелерінің);

7) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі және мәлімделген жұмыс бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;

8) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

9) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есептеу жүйесінің (үй-жайларының, аспаптар мен құралдарының, өлшеу әдістемесінің) немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылауды жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;

10) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиоактивті қалдықтарды сақтау немесе көму пунктінің жобалық құжаттамасының;

11) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – радиоактивті қалдықтарды сақтау немесе көму пунктін пайдалануға беру актісінің;

12) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін –

аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды транзиттік тасымалдауды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы аумағының шегінде тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде :

- 1) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған лицензиясының;
- 2) тиісті білімі және мәлімделген жұмыс бойынша практикалық жұмыс тәжірибесі бар және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес (өтініш берушінің бұйрығымен) мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;
- 3) өтініш беруші бекіткен жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындау регламентінің;
- 4) ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен тасымалдауды жүзеге асыру кезіндегі радиациялық қорғау бағдарламасының;
- 5) радиациялық қауіпсіздік жөніндегі және төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың, ықтимал авариялардың алдын алу және жою жөніндегі нұсқаулықтар мен ж о с п а р л а р д ы ң ;
- 6) ядролық материалдарды, радиоактивті заттарды, иондаушы сәуле шығарудың радиоизотоптық көздерін, радиоактивті қалдықтарды есепке алу және бақылау жүйесінің (өтініш беруші бекіткен есепке алу және бақылау жөніндегі нұсқаулықтар, қабылдау-беру актілері, беру, есепке алу және сақтау ж у р н а л д а р ы) ;
- 7) персоналдың сәулелену дозасын өлшеу және есептеу жүйесінің (үй-жайларының, аспаптар мен құралдарының, өлшеу әдістемесінің) немесе персоналға жеке дозиметрлік бақылауды жүргізу құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;
- 8) радиациялық қауіпсіздік және жұмыс орнында радиациялық бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің (қызмет туралы бұйрық пен ереже,

радиациялық бақылау жүргізу кестесі, өлшеу құралдары);

9) тасымалдау кезеңінде ядролық материалдарды, иондаушы сәуле шығару көздерін, радиоактивті қалдықтар мен радиоактивті заттарды физикалық қорғауды қамтамасыз ету жүйесінің;

10) ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес тасымалдау кезеңінде авариялық жинағының және аварияны жою құралдарының;

11) ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

12) көлікке арналған санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының;

13) атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті органның ерекше түрдегі радиоактивті материалдың буып-түйетін жинағының конструкциясын бекіткені туралы құжаттың;

14) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың;

15) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың ;

16) міндетті экологиялық сақтандыру шартының болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумағында жүргізілген ядролық жарылыстардың салдарынан ластанған және басқа аумақтардағы қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Бұрынғы сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы
ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да
аумақтардағы қызметке қойылатын
біліктілік талаптары**

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ядролық сынақтар жүргізу салдарынан ластанған бұрынғы ядролық сынақ полигондарының аумақтарындағы және басқа да аумақтардағы қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органы берген мәлімделген қызметті жүргізу көзделген аумақтың радиологиялық сипаттамасының (санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы);

2) пайдалы қазбаларды игеру жөніндегі қызмет үшін – жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың;

3) жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындаудың өтініш беруші бекіткен технологиялық регламентінің;

4) радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

5) радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес өтініш беруші бекіткен радиациялық қауіпсіздік жөніндегі н ұ с қ а у л ы қ т ы ң ;

6) өтініш беруші бекіткен полигон аумағы бойынша қозғалу бағытының;

7) жұмыстар жүргізілген жерде радиациялық бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің (қызмет туралы бұйрық пен ереже, бақылау кестесі, өлшеу құралдары) немесе мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде радиациялық бақылауды жүргізу құқығына арналған заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;

8) персоналға жеке дозиметрлік бақылау жүргізуге құқығына лицензиясы бар заңды немесе жеке тұлғамен шарттың;

9) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың болуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғы

№
бекітілген

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ядролық қондырғылар мен ядролық материалдарды физикалық қорғау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары өтініш берушіде:

1) ядролық материалдарды және радиоактивті заттарды тасымалдаған кезде физикалық қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі кіші қызмет түрлері үшін – жеке және заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның;

2) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – тиісті білімі және мәлімделген жұмыс бойынша даярлығы және практикалық жұмыс тәжірибесі бар және өтініш берушінің бұйрығымен мәлімделген жұмысты жүзеге асыруға жіберілген техникалық басшылардың, мамандардың білікті құрамының;

3) физикалық қорғау жүйелерін монтаждау, жөндеу, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстар үшін – қорғалатын объектінің ерекшелігін ескере отырып, персоналды даярлау бағдарламаларының;

4) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – ядролық және радиациялық қауіпсіздік жөніндегі техникалық регламенттер мен қағидалардың талаптарына сәйкес мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік сапасын қамтамасыз ету бағдарламасының;

5) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін –

жұмыстың негізгі әдістерін, операцияларды орындаудың дәйекті тәртібін, жұмыстың шегі мен шарттарын айқындайтын мәлімделген жұмыстарды орындаудың өтініш беруші бекіткен технологиялық регламентінің;

б) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – бекітілген ядролық, радиациялық қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтардың, ықтимал авариялардың алдын алу және жою жоспарларының;

7) осы қызмет түрінің шеңберінде барлық кіші қызмет түрлері үшін – қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы шарттың олуын қамтиды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Атом энергиясын пайдаланумен байланысты қызметке мамандар мен персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Ескерту. Ереже алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

2 7 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары

Ескерту. Біліктілік талаптары жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.05.14 № 610 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ядролық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты персоналды арнайы даярлау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптары ө т і н і ш б е р у ш і д е :

1) оқу өткізу үшін өндірістік-техникалық базаның (теориялық және

практикалық оқу өткізу үшін оқытатын үй-жайлар, жабдықтар, аспаптар);

2) өтініш беруші бекіткен оқу және оқитындардың білімін тексеру бағдарламасының;

3) мәлімделген қызметтің сапасын қамтамасыз ету, персоналды жинақтау мен даярлау саласындағы өтініш берушінің саясатын сипаттай отырып, мәлімделген жұмыстарды жүзеге асыру кезінде сапаны қамтамасыз ету бағдарламасының, өтініш беруші мәлімделген қызметті жүзеге асыру кезінде басшылыққа алатын нормативтік құжаттар тізбесінің, құжаттаманы басқару жүйесінің, оқитындардың білімін бақылау рәсімінің, мәлімделген қызметте пайдаланатын сапаны қамтамасыз ету әдістемесінің;

4) оқыту саласында мамандығы бойынша кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар білікті оқытушылар құрамының;

5) оқытушыларды іріктеу, жұмысқа жіберу, қолдау және біліктілігін арттыру рәсімі мен тәртібі белгіленген өтініш беруші бекіткен нұсқаулықтардың болуын қамтиды.